

**Испамбетова Г.А. – Ph.D. докторант**

**әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**

## **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ МҮГЕДЕК СТУДЕНТТЕРМЕН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Аннотация.** Елімізде заңнамалық деңгейде мүгедектердің қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын қоғамдық ортаға бейімделуі үшін белсенді түрде әрекеттер жасалып жатыр. «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» заңында саналы түрде бейімделу мағынасы бойынша ұқсас «өзін-өзі күту, өз бетінше өмір сүруге қол жеткізу немесе мүгедектерді отбасылық және қоғамдық өмірдің қалыпты жағдайларына қайтару үрдісі» ретінде әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделу түсінігі қарастырылған [1].

**Түйін сөздер:** инклюзив, бейімді дене тәрбиесі, кедергісіз орта.

**Кіріспе.** 2014 жылы 17-ші қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтің «Қазақстандық жол – 2050: «Біркелкілі мақсат, біркелкілі мүдделер, біркелкілі болашақ» деген Қазақстан халқына жолдауында былай делінген: «Мүмкіндіктері шектелген біздің азаматтарға қаттырақ назар аудару қажет. Олар үшін Қазақстан – кедергісі жоқ жер болып қалыптасу керек. Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы ғана алып қоймай, өздерін қоғам мүшелері, пайдалы қызметкерлер етіп сезінетін болады...».

БҰҰДБ-ның 2009 жылғы Адами ресурстарды дамыту жөніндегі Ұлттық есеп деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасында 563 мың мүмкіндігі шектеулі жандар өмір сүріп жатыр, соның ішінде 20 мыңнан астамын әйелдер және 50 мыңын балалар құрайды. Дамыған елдерде қоғамдағы мүмкіншілігі шектеулі жандар барлық өмір саласына белсене қатысады. [2]

**Жұмыстың мақсаты:** ЖОО-да білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі, мүгедектігі бар студенттерді дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізу арқылы олардың денсаулығын жақсарту.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене қозғалысына қажетті жаттығулар жүйесін қалыптастыру.
2. Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің дене қабілеттілігін жоғарылатуда қолданатын бейімді дене шынықтырудың әдісі және тәсілдерін анықтау;

**Зерттеу нысаны (объектісі):** ЖОО-да білім алатын мүмкіндігі шектеулі студенттер (мүгедектер).

**Зерттеу әдістері:**

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттің талдауы;
- сауалнама, сұрақ қою;
- дене дамуын бағалау;

-педагогикалық бақылау;

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы:** Зерттеу нәтижелері ЖОО кәсіби білім беру міндеттеріне негізделі отырып мүмкіндігі шектеулі студенттерге сапалы білім беру артады;

- мүгедектігі бар студенттердің қоғамның әлеуметтік-мәдени ортасына қалыптасуы жеделдейді;

- мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімсіз болған өзінің «арнайы» талаптарының күшіндегі әлеуметтік қарым-қатынасы жетіледі;

- дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын тиімді қолдану арқылы жоғары оқу орындарында заманауи білім беру үрдісінде мүгедек жандарды оқыту формасының жаңа түрлерін енгізу мүмкін болады.

Мәселе біздің елімізде мүгедек жанның дене тәрбиесімен шұғылдануына қалай көмектесе алатындығымызда және оларға қандай жағдайлар қажет екендігі болып отыр.

Ең алдымен мүгедектердің құқықтары мен қызығушылықтары соңғы бірнеше жыл ішінде Қазақстандық құқықтық нормаларда өз көрінісін тапқанын айта кету керек, осылайша елімізде заңнамалық деңгейде мүгедектердің қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын қабылдау қатынасында алдыға жылжу байқалады. Растау үшін бірнеше мысал келтірейік: 2011 жылы «Білім беру туралы» заңға «инклюзивті білім беру» түсінігін енгізу; 2012 жылы кәсіби, орта және жоғарғы білім алудан кейін оқуға түсу кезінде мүгедектерге арналған квотаны 0,5-тен 1%-ға дейін өсіру туралы ҚР жарғысын қабылдау; 2012 жылы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте телеарнада сурдоаудармасы немесе субтитр түріндегі аудармасы жоқ жаңалық сипатындағы хабарларды таратуға салынатын айыппұлды анықтау; 2011 жылы мүгедектігі бар адамдардың кейбір санаттарына да таралатын арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын қабылдау; 2008 жылы дербес көмекші мен қимыл тілінің маманының қызметтерін ұсыну ережелерін қабылдау; 2013 жылы «Адвокат қызметі туралы» Заңға бірінші және екінші топ мүгедектеріне заң қызметтерін тегін көрсету туралы норманы қосу және тағы басқалары [2].

**Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.** Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін еңбек ету нарығында сәтті бәсекелестік пен кәсібилендірудегі маңызды жағдай олардың арнайы орташа және жоғары кәсіптік білім алу мүмкіндігі болып табылады. ХХІ-ші ғасырдың басынан мүмкіндігі шектеулі адамдардың кәсіби білім алу мәселесіне деген қызығушылығы артқаны байқалады. ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында жалпы негізде жоғары білім алу іс жүзінде мүмкін емес еді. Әдеттегідей қимыл-қозғалыс жүйесі зақымданған немесе есту мүшесі зақымданған адамдар арнайы білім алу мекемелерінде немесе кәдімгі жоғары оқу орындарында оқытудың сырттай формасында ғана жоғары білімдерін алған [3].

Қазір Халықаралық қауымдастықтың алдында мүгедектігі бар (денсаулығында шектеуі бар) адамдар үшін әртүрлі жобалар мен бағдарламалар арқылы «кедергісіз ортаны» ұйымдастыру міндеті тұр. Ең алдымен денсаулық шектеуінің деңгейіне сәйкес барлық адамдарға жалпы

және кәсіби білім алатын, қоғамдық өмірге белсенді қатыса алатын инклюзивті білім беру кеңістігін қалыптастыру жайында айтылады. Қазіргі таңда денсаулығы шектеулі адамдар үшін бейімді әлеуметтік ортаны құру әлемдік қауымдастықтың жалпы, атап айтқанда Қазақстандық қоғамның стратегиялық дамуының бірі болып отыр.

Инклюзивті білім беру – тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың жеке бағдарланған әдісін қолдану негізінде білім беруді ұйымдастыруы қамтамасыз етудегі кешенді үрдіс. Инклюзивті білім берудің тиімді жолдарын анықтау мен әдістерін енгізу құқықтық-нормативтік, оқу-әдістемелік, кадрлық, материалды-техникалық және ақпараттық қамсыздандыру негізінде жүзеге асады. Заманауи білім беру тәжірибелері мен педагогикалық жүйелер жаңа білім беру тұжырымдамасы мен технологияларды жүзеге асыруда қоғамға қажет өзгерістерді бастан кешуде. Халықаралық ұйымдар білім беру жүйесін басым бағытта дамытуында әрбір азаматтың сапалы білім алуы үшін құқықтарын іске асыруға бағытталған инклюзивті білім беру бағдарламасын ұсынады. ЖОО-да білім алу барысында түрлі мамандықтағы студенттер инклюзивті білім берудің ерекшелігі мен оның мақсаттылығы жайында ақпаратты игеруі керек. Соңында мұндай білім беру инклюзивті білім беруден инклюзивті қоғамға, қоғамды адамгершілігі бар, әрбір адамның потенциалын ашады, өзіндік дамуға көмектесетін бірізділікті қамтамасыз етеді. Бұл істің өзекті және уақытылы болуы анық, ол үшін қоғамдық өмірдің барлық саласындағы білім беру саясатынан бастап қаржылық-экономикалық қамсыздандыру үрдісіне дейін елеулі өзгерістерді талап етеді.

Зерттеу бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де 70-тен астам әр түрлі топтағы мүмкіндігі шектеулі студенттер оқытыны жайында ақпарат алынды. Ол студенттер әр түрлі курстарда білім алады. Ал бірінші курс бойынша білім алатын студенттер саны - 17 құрады. Мүгедектігіне байланысты олар бірнеше топтарға бөлінеді. Көбінесе көру мүшесінің нашарлауына байланысты мүгедектігі бар студенттер. Жоғары оқу орны барлық талаптарға сай болу керек екендігін ескере отырып, біз жатақханаларда тұратын студенттер санын анықтадық, олардың саны – 26. «Кедергісіз ортаны» құру мақсатында университет аумағындағы мүгедектерге жүріп-тұруына арналған жағдайлар анықталды. Пандустар университеттің кітапханасында, барлық жатақханаларда, бас ғимаратқа кіретін алаңда, заман талабына сай соңғы жылдары салынған химия және химиялық технологиялар факультеттері, механика-математикалық және физика-техникалық факультеттерге баратын орталық басты жолдарда салынған. Сонымен қатар, әрбір авто тұрақ алаңында мүгедек жандардың көліктерін қоюға арналған арнайы орындармен жабдықталған. Мүгедек студенттердің дене тәрбиесімен шұғылдануларына қажетті шаралардың ішінде негізгілерінің бірі оларға дене тәрбиесінің беретін пайдасы туралы білімдерін көтеру қажет екендігі болып отыр. Сондай-ақ, олардың барлығына дене тәрбиесі сабақтарынан босатылғандықтары туралы құжаттары бар. Осы жағдай олармен бейімдеу дене тәрбиесін жүргізуге оқытушылардың мүмкіндігін және ынталарын

төмендетіп отырғанын көруге болады. Мүгедек студенттердің дене тәрбиесімен шұғылдануы үшін кемтарлық түрлерін ескеріп жабдықталған арнайы орындар мен аландар, залдарды жабдықтауды қажет екендігін айту керек. Мүгедек студенттермен жұмыс жасау ерекшелігін ғылыми-зерттеу арқылы негіздеу жұмыстарын жүргізу маңызды болып табылады. Сол арқылы мүгедектік топтар ерекшеліктерін ескеретін жаттығу жұмыстары әдістемелерін жетілдіру, спорт түрлеріне бейімдеу мүмкіндігін кеңейтеді.

**Қорытынды.** 1. Сауалнаманың нәтижелері әлеуметтік қатынастың білім беру интеграциясына көптеген факторлар әсер ететінін көрсетеді, оның ішіндегі ең маңыздысының бірі бейімді дене шынықтыру сабағы үшін жағдай жасау болып табылады. 2. Мүгедек-студенттер үшін «кедергісіз ортаның» болуы. 3. Мүгедек-студенттер арасында дене шынықтыру және спорттың пайдалы екенін, сондай-ақ, ЖОО-ғы оқытушылардың арасында жауапкершіліктің жоғары екендігі жайында танымдық және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мүгедектігі бар адамдарды қоғаммен біріктіру. / Мүгедектер құқықтары жөніндегі ҚР заңнамасы мен БҰҰ Конвенциясының салыстырмалы талдауы: қысқартылған баламасы. 2015 ж. есебі. – Алматы. – PDF 50 бет - 18 бет.
2. Мүгедектігі бар адамдарды қоғаммен біріктіру. / Мүгедектер құқықтары жөніндегі ҚР заңнамасы мен БҰҰ Конвенциясының салыстырмалы талдауы: қысқартылған баламасы. 2015 ж. есебі. – Алматы. – PDF 50 бет – 3, 20 бет.
3. Иванова О.М., Юсупов Р.Г., Билалова Л.М. Инклюзивное образование в вузе (часть 1). Методические рекомендации по организации безбарьерной среды в вузе / Авт.-сост.: О.М. Иванова, Р.Г. Юсупов, Л.М. Билалова. – Уфа: Уфимск. гос. универ. экономики и сервиса, 2013. – 44 с.

#### **Резюме**

**Испамбетова Г.А.**

#### **«Особенности проведения работы физической культуры со студентами с ограниченными возможностями здоровья»**

Статья посвящена рассмотрению проблем образования инвалидов. Современные образовательные практики и педагогические системы РК претерпевают необходимые социальному изменения, осуществляя переход на новые образовательные концепции и технологии. В статье особое внимание уделяется на необходимости создания условия и применения адаптивных физических культур для студентов-инвалидов в ВУЗе.

#### **Resume**

**Ispambetova G.A.**

#### **«Features of work of physical culture with students with disabilities»**

The article considers the problems of education of persons with disabilities. Modern educational practices and educational system of Republic of Kazakhstan undergo necessary to the society changes, making the transition to new educational concepts and technologies. The article focuses on the need to create conditions and use of adaptive physical education for students with disabilities in higher education.

Испамбетова Г.А. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ph.D. докторант 87012497887. e-mail – isp\_gcap@mail.ru